Түркістан облысы

Шардара ауданы

«Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп»

# "Кітапханашы-мәртебелі мамандық "

\ аудандық мерекелік іс-шара\

Дайындаған: Айдарова Г.

Досымбаева Қ

2024-2025 оқу жыл

# Кітапханашы –мәртебелі мамандық

Би: ФЛЕШМОБ

**1-Жүргізуші**

Армысыздар қонақтар, ұлағатты ұстаздар және кітап жанашырлары!

«Кітапханашы мәртебелі-мамандық» атты кітапханашылардың төл мерекесіне арналған мерекелік кешімізге қош келдіңіздер! Осы мерекемізбен қатар келген **Республика** күні құтты болсын.

**Республика күні- бұл еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам.**

**1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты - Республиканың егемендігі туралы декларацияны қабылдап, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізін жариялады.**

**Егеменді мемлекеттіліктің негізгі қағидаттары ретінде мыналар белгіленді: біртұтас мемлекет, аумақтың тұтастығы, бөлінбейтіндігі мен қол сұғылмаушылығы, қазақ халқының және Қазақстанның басқа да халықтарының өзіндік мәдениетін, дәстүрлерін, тілін жаңғырту және дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту.**

**Бүгінде біз Қазақстанның саяси және экономикалық салалардағы, сондай-ақ оның әлемдік аренадағы жетістіктерін мақтанышпен атап өтеміз.**

**Осы атаулы күні Отанымыз - Қазақстан Республикасына өркендеу мен амандық тілейміз, халықтың бірлігі, татулығы мен келісімі біздің мемлекеттілігіміздің мәңгілік берік тірегі болсын.**

**"Енді бұл мейрамды күллі ел болып жаңа мазмұнда атап өтетін боламыз. Қайта жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам".**

**2- Жүргізуші**

24 қазан күні, яғни бүгінгі келіп жеткен Кітапханашылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

**Жазыпта көрдім менде өлең,**

**Жазыпта көрдім қара сөз.**

**Ерте ме, кеш пе мен де өлем,**

**Өлмейді тек дана сөз**

Деп Б.Соқпақбаев айтып кеткендей, биыл Б.Соқпақбаев атамыздың 100 жылдығына орай Бүгінде рухани өміріміздің өзегі іспеттес ғылымды көпшілік оқырманға, ертеңгі ел тізгіні ұстар жас жеткіншек ұрпаққа насихаттауда, рухани мәдени байлығымызды ұрпақтан - ұрпаққа жеткізуші кітапхана болса, сол байлықты өз оқырманына таныстырып, табыстырушы өзіндік тұлға, ол – кітапханашы.

**2- Жүргізуші**

2022 жылғы 18 қазандағы ҚР Үкіметінің №833 қаулысымен **«24 қазан – Кітапханашылар күні»** мерекесі болып бекітілді. Мерекенің басты мақсаты

**Артық білім кітапта,**

**Ерінбей оқып көруге».-** деп Ұлы Абай Құнанбайұлы жырласа,

заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтың сөзімен айтқанда, «Кітап – әр адамның өмірлік досы».

Халық жазушысы,Қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен–кітапхана»деп нақыл сөзін қалдырған. «Кітап маған тақтан да қымбат» Шекспирде қанатты сөзін қалдырған.

«Өзіңді-өзің тану үшін кітап керек. Өзгені де тану үшін кітап керек».Жан Жак Руссо

«Кітап — құдіретті қару. Ақылды, шабытты кітап көп ретте адам тағдырын шешеді». Василий Сухомлинский

«Ұлы суретшінің кітаптары таңғажайып күшке ие. Сіз оларды ашасыз, ал олар сізді ашады». *Ш. Айтматов*

«Кітап – жалғыз адамның досы, ал кітапхана – үйсіз адамның баспанасы. Александр Виницкий композитор

Олай болса кітапты өзіне сенімді дос еткен, кітапханамыздың жанашыр оқырмандары Сіздер кітапхана және кітап туралы не айтар едіңіз?

1 Айтмов Саule

2.. Ізнеубай Асулан

Тасыбай Феруза

Ағабай Корсы

**2-Жүргізуші**

Мереке қарсаңында кітапханаларымыздың тарихын, бір кездері оларда жұмыс істеген керемет сүйкімді, тыныш дауысты мамандарды және кітапхананы еске алу үшін жиналдық. Кітапхана адамға рухани азық беретін

– кітапханашы мамандығының имиджін көтеру және оны кәсіби аренада ынталандыру болып табылады. Бұл тек кәсіби кітапханашылардың ғана емес, ең алдымен кітаптарды жақсы көретін, кітапханашының мәдени және қоғамдық өміріндегі орасан зор рөлін түсінетін әріптестердің мерекесі.

**1-Жүргізуші**

Бүгінгі «Кітапханашы мәртебелі-мамандық» атты іс шарамызды ашып беру үшін ортаға

1 Ауданның Білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Ж. Нургожа

2 Білім бөлімінің әріскері Т. Магитов

3 Шежіре мектеп лицейінің оқу ісі жөні-ндегі орынбасары Б. Бармешов

4

Шақырамыз

Құпия кітап биі

**Жүргізуші**

**1-Жүргізуші: Ұлы ғұламалар туралы айтасың**

***Сөйлесіп өзіңменен тіл қатады,***
***Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады.***
***Жеткізіп өткендердің өсиетін,***
***Шешіліп кейде достай сырласады.***

Ұлы ғұламалардың өсиеті-Әль-Фараби, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы Ахмет Байтұрсынов, М.Жұмабаев

«Қаламмен жазғанды, қылышпен өшіре алмайсың» деген. Әл-Фараби,Алтынсарин, Абай,Ахмет басқа да тұлғалардың, тарихи деректер мен құнды дүниелерді өздеріңіз сияқты қарапайым, білім сүйер мамандардың арқасында мыңдаған жылдарды артқа тастап, бізге жетіп отыр. Ғасырды ғасырға жалғап сақтап отырған алтын көпір иелері –сіздерсіздер кітапханашы апайлар

**2-Жүргізуші**

Бүгінгі біздің іс – шарамыз кітапханашы-керемет мамандыққа арналған. Кітап пен кітапхана туралы танымал адамдардың сөздеріне назар аударсаңыздар. Кейбіреулеріңізге бұрыннан белгілі болуы мүмкін, ал кейбіреулеріңіз бүгін естіп отырған шығарсыздар

**«Пайда ойлама, ар ойла,**

**Талап қыл артық білуге.**

тұғыры биік бір әлем! Ал сол кітапханада жұмыс жасап бейнеттің зейнеттін көріп жүрген әріптестерімздің барлығы да рухани байлығы мол жандар деп білемін! Ендеше, осы рухани әлемнің басы-қасында жүрген сіздердің де төл мерекелеріңіз құтты болсын! Асқақ армандарыңыз орындалып, абыройларыңыз арта берсін! дей отырып ортаға **Б.Соқпақбаев** атындағы жалпы білім беретін мектептің кітапхана меңгерушісі, өзі талантты, жан-жақты, ақылына көркі сай

**Айдарова Гулайна** апайдың орындауында **«Жолыққан қандай жақсы»** әнімен ортаға шақырамыз.

1 Ногаманов Аяу
2 Төребеков Құмайша
3. Зина Бароховна
4 Мырзабаева Шеропа
5
6
7
8
9

Ардагер әріпестердің жылы лебізі қысқаша (Сіз үшін ең қызықты сәтіңіз, Жас мамандарға не айтар едініз, Ең қызықты кітабіңіз )

Сый сияпат беру

**1-Жүргізуші:**

2-Жүргізуші:

Жас маманның жылы лебізі, Айгерім

**1-Жүргізуші**

**«Мен кітапхананы ақыл - білім, адамгершілік ордасы деп білемін. Ал кітапханашыларды ешқашан жоғалмауға тиісті сол асыл қазынаның**

**сақшылары санаймын»,** - деп жазушы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев айтқандай, біздің кітапханашылар кітапханаға кірген әрбір оқырманға білім шуағымен қатар, көңіл шуағын да шашып, мейірімді жүздерімен өздеріне бірден баурап алады.

**Мәнерлеп оқу**

**Айтенова Сауле Жұмабек Мұқанов «Ей Лесбек», Оқырмандар Уалиханов мектебі**

**Жүргізуші: СӨЗ**

**1.Айтенова Айнұр Муслимовна – Уалиханов ат.жббм**

2. Қалауова Шолпан Смановна- «Сырдария» жббм казақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

3. Узденова Дина Хамитбиқызы- «Қазакстан» жббм

4. Мажитова Салтанат-«Қазақстан» мектебі орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

5. Жунисова Баян Плаловна- «Ұзын ата»

Кітап. Кітапхана. Кітапханашы! Үш ақ ауыз сөз болғанмен мағынасы тым тереңде. Бір-бірінсіз толыққанды бола алмайтын рухани ошақ. Бір-бірін жалғастырып тұратын, оларсыз қоғамды елестету мүмкін емес киелі ұғымдар. Әр таңын білімнің қайнар көзі кітаппен ашатын, сол кітаптағы асыл мұраларды оқырмандарға жеткізетін алтын көпірді байланыстырушы- Кітапханашылар.

Енді кітапханашыларды келесі номинациялар бойынша марапаттау рәсімі өтеді: Кітапханашы апайларды марапаттау
1 – ші номинация: - **Тасыбай Феруза**

2-ші номинация- **Жақсыгүл Жәдігерқызы**

3-ші номинация- **Жамила Пірназарқызы!**

4-ші номинация- **Күлпараш Қыдырбекқызы**
5-ші номинация- **Сауле Муслимқызы!**

Ән: Кітапхана

**1-Жүргізуші:**

Ойын (Шарадалар) (Тривиа) ұйымдастырушы Ұзын ата мектебінің кітапхана меңгерушісі Байларбекова Кулпараш апайымыз

Сұрақ-Жауап

**2-Жүргізуші**

**Уақыт өзгертсе де мағынасын,**
**Жаңа ғасыр дамыса да құйын –жасын.**
**Кітапхана сақтаушы боп қала берер,**
**Ұлтымыздың мәдени қазынасын**. – дей келе мектеп кітапханасында еңбек етіп жүрген кітапханашы әріптестерімізге кітапхана жұмысының сан қилы әдістерін меңгеріп, кәсіби шеберліктеріңді одан әрі шыңдап, білімді де білікті маман ретінде оқырман көңілінен шығып, олардың талаптарын қанағаттандыру бағытында еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз. Бүгінгі «Кітапханашы-мәртебелі мамандық» атты мерекелік кешімізді аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар!